«SMART BALA» жобасы

Тақырыбы: «Құрастыр, ойлан, жаса!»

Жобаның бағыты: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы

Мақсаты: Балалардың логикалық ойлауын, кеңістікті бағдарлауын, шығармашылық қабілетін және ұсақ моторикасын дамыту

Міндеттері Балалардың ойлау, есте сақтау және зейін қабілеттерін дамыту,шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу;бір-бірін тыңдауға, сыйлауға және топпен жұмыс жасауға үйрету;өз ойын еркін жеткізуге дағдыландыру;білім алуға қызығушылығын арттыру.

Ұйымдастырылған іс-әрекет: ортаңғы «Жұлдыздар тобы»

Балалар түрлі түсті құрастырғыштарды пайдалана отырып, биік мұнара құрастырды. Жұмыс барысында түстерді ажыратып, бөлшектердің көлемі мен пішінін салыстырды. Балалар бір-бірімен ақылдасып, өзара көмектесу арқылы ортақ құрылыс жасады.

Іс-әрекет барысы:

құрастырғыш бөлшектерін таңдау;

түсі мен көлеміне қарай салыстыру;

мұнараның негізін дұрыс орналастыру;

бөлшектерді бірінің үстіне бірін құрастыру;

мұнараны биіктету;

балалардың өз идеясымен құрылыс жасау;

дайын жұмысты бірге талқылау.

Күтілетін нәтиже:

Балалар құрастырғышпен жұмыс жасау арқылы ойлау, жоспарлау, салыстыру, шешім қабылдау және топпен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіреді.







